

"Халықтың мақсатты тобынан жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" 2009 жылғы 6 ақпандағы № 51 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Алға аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 03 наурыздағы № 55 қаулысы. Ақтөбе облысының Алға аудандық Әділет басқармасында 2010 жылдың 31 наурызда № 3-3-106 тіркелді. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімі аппаратының 2013 жылғы 22 ақпандағы № 05-1/419 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімі аппаратының 2013.02.22 № 05-1/419 Хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 «Нормативтік құқықтық актілері туралы» Заңының 28 бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алға ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 6 ақпандағы № 51 «Халықтың мақсатты тобынан жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы» (Алға аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 13 ақпанында № 3-3-71 болып тіркелген, 2009 жылғы 17 ақпанда «Жұлдыз-Звезда» газетінің № 8-9 санында жарияланған), аудан әкімдігінің 2009 жылғы 28 сәуірдегі № 155 қаулысына (Алға аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 21 мамырында № 3-3-81 болып тіркелген, 2009 жылғы 26 мамырдағы «Жұлдыз-Звезда» газетінің № 23-24 санында жарияланған), аудан әкімдігінің 2009 жылғы 1 қыркүйектегі № 333 қаулысына (Алға аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 23 қыркүйегінде № 3-3-87 болып тіркелген, 2009 жылғы 29 қыркүйегіндегі «Жұлдыз-Звезда» газетінің № 41 санында жарияланған) және аудан әкімдігінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы № 455 қаулысына (Алға аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 13 ақпанында № 3-3-99 болып тіркелген, 2010 жылдың 9 ақпанындағы «Жұлдыз-Звезда» газетінің № 7 санында жарияланған) енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды ескере отырып, қаулыға төмендегідей өзгеріс енгізілсін.

Қосымшадағы, шаруа қожалықтары, ауылдық тұтыну кооперативтерінде әлеуметтік жұмыс орындарындағы «100» деген сан «95» деген санмен **ө з г е р т і л с і н .**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
М. А к қ а ғ а з о в қ а ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алға ауданының әкімі

Қ.Сәрсенғалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК